



# ЯСАУИ МҰРАСЫ

Республикалық мәдени-танымдық газеті. 2016 жылғы 14 қазаннан шыға бастады. №1 (1) қазан 2016 жыл

РЕДАКТОР БАҒАНЫ

## Үкілі үміт

Ел тәуелсіздігінің 25 жылдығы қарсаңында жаңа газет тұсауын кескелі тұр. Бұқаралық ақпарат құралдарыңыз, баспасөз, теле және радио бағдарламаларыңыз бүгінгі таңда дүрбелең дүниені әсте көзге елестету мүмкін емес. Негізінен алғанда музей ісі мен туризмді нысанасына іліктіріп, жаңалықтың жаршысы, жақсылықтың хабаршысы ниеттегі газеттің көзі қарақты, ойы орамды оқырманға жеткізгі аз бол-маса керек-ті.

Сындарлы саясат ұстанған Елбасы мен тұғыры тұлғалы қазақ елінің өткені мен жеткені, рухани Астана – Түркістанның гүлденуі, шежірелі тарихты бауырына басып жатқан қамал-қорғандар, обалар, қорық-мұражайдың қорғау аймағы тізіміне енетін тарихи-мәдени ескерткіштер, түркі әлемінің рухани пірі – Ясауи мен оның шығармашылығы күн тәртібіне сұранып-ақ тұр.

Әлемдік інжу-маржандардың бірегейі есебінде ЮНЕСКО тізіміне іліккен кесене де ел ырысын тасытқан тайқазан да, иман мен ізгілік нұрын сепкен шырағдан да қаншама гасырдың күзгері іспеттес. Газет халықаралық деңгейде конференциялар, байқаулар, көрмелер өткізуге қол жеткізген «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің сана ұнжариясы емес ел мәдениетінің, ұлтымыздың салт-дәстүрі мен бабалардан қалған құнды мұраларымыздың жоқтаушысы бола білсе деген ізгі тілектеміз.

Блайым газеттің оқырманы көп, таралымы мол болғай.

Бас редактор

## СҰХБАТ

Биыл ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығы, оның үстіне Түркістаннан Түркияға, Түркиядан Балқан аймағына дейін Ислам дінінің өркендеп жайылуына өзінің ойлы жырымен де, уағызбен де тікелей себепкер болған Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың 850 жылдығына орай ЮНЕСКО 2016 жылды «Ясауи жылы» деп жариялауы мұң екен жер-жерде мәдени іс-шаралар шеруі қызу қарқынмен белең алды. Осынау істің бел ортасында жүрген «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің директоры Ж.М. ӘУБӘКІРМЕН сұхбатты ел назарына ұсынғанды жөн санадық.

Редакция алқасы

– Жандос Мағазбекұлы Сіздің бұл қызметке тағайындалғаныңызға жылға жуықтады. Көргеніңіз бен көңілеуіңізді екіселеп үлгерген боларсыз. Әңгімені неден өрбітеміз?

– Қазіргі таңда Қазақстанда татулықтың талбесігінде тербелген көптеген ұлт пен ұлыс өкілдері қоян-қолтық бейбіт күн кешуде. Көз ілеспес жылдамдықпен дамыған мына заманда шекарасын бекем шегендеп, керегесін кенейтіп, шаңы-

дамытудың 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасын (ішкі туризмді дамытуды қоса есептегенде) және «Астана – Еуразия жүрегі», «Алматы – Қазақстанның еркін мәдени аймағы», «Табиғат бірлігі және көшпелі мәдениеттер», «Алтай інжулері», «Ұлы Жібек жолын қайта жаңғырту», «Каспий қақпасы» өңірлік мәдени-туристік кластерлерін құруды жүзеге асырумен байланыстырылады. Әсіресе, халықаралық маман-



# Түркістан – рухани Астана мәртебесін иемденуге толықтай құқылы

рағын биіктетіп, «Мәңгілік Ел» болуға ұмтылған Қазақстан жаңа экономикалық саясатта да тың бастамалар ордасына айналуда. Соның айғағы Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты тарихи Жолдауында міндеттеген индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы лайықты жемісін бере бастады.

Қарапайым тілмен халықтың жүрегінен жол таба білетін Президент Жолдауын жұрттың асыға күтетіні де сондықтан болса керек. «100 нақты қадамның» 86 қадамына зер салалықшы. Қазақстан халқы Ассамблеясының «Үлкен ел – үлкен отбасы» кең көлемді жобасын әзірлеу және жүзеге асыру, ол қазақстандықтардың біртектілігін нығайтады және азаматтық қоғамның бүтіндігін қалыптастыру үшін жағдай туғызды. Бұл барлық жұмыстар Қазақстан Республикасының туристік саласын

дандырылған «ЭКСПО – 2017» көрмесінің Қазақстанда өтуі еліміздің экономикалық және инфрақұрылымдық дамуына ерекше тың серпін әкеледі деп күтілуде. Көңелеп, тұралап қалған туризм саласында да зор мүмкіндіктер ашылмақ.

Бүгінде киелі шаһар – Түркі-

өнімнің оннан бір бөлігін, халықаралық инвестицияның 10 пайызын туризм қамтамасыз етеді екен. Әлемдік өндірістегі әрбір тоғызыншы жұмыс орны да аталмыш саланың үлесіне тиесілі көрінеді. Осы орайда, Қазақстандағы туризм мәселесі ауызға алынғанда сөз жоқ

түркілерсіз көзге елестету қандай қиын болса, ісі түркінің Рухани Астанасы – Түркістанды Қожа Ахмет Ясауи бәле жара қарастыру әсте мүмкін емес. Енді осыған аз-кем тоқталып өтсек.

1978 жылдың қыркүйегінде Қожа Ахмет Ясауи кесенесі республикалық мұражай болып ашылды. 1989 жылы тамыз айының 28-інде Қазақстан Үкіметінің арнайы шешімімен «Әзірет Сұлтан қорық-мұражайы» ұйымдастырылды. Түркия елімен арадағы жүргізілген келісім бойынша көне ғимаратты қалпына келтіру жұмыстары 2000 жылы табысты аяқталды. 2003 жылы маусымда Парижде өткен ЮНЕСКО-ның 27-ші сессиясында дүниежүзілік мәдени мұралар тізіміне енгізілді. Бұл Қазақстаннан алғаш тізімге енген әлем жауһарының бірі, ұлттық мақтанышымыз – Әзірет Сұлтан кесенесі еді.



Бүгінде киелі шаһар – Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінсіз туризм саласын көзге елестетудің өзі әбестік.

таңдағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінсіз туризм саласын көзге елестетудің өзі әбестік болар еді.

Зерттеулерге зер салсақ ғалымдық тәжірибеде тек туризмнен түскен табыспен ғана күн көріп отырған елдер де баршылық. Оны айтпағанда, дүниежүзілік туристік қауымдастықтың келтірген дерегі бойынша, әлемдік ішкі жалпы

ЮНЕСКО-ның тізіміне ілігіп, әлем құндылықтарының санатынан орын тепкен, тамырын тереннен тартқан бай тарихымыздың төрін ойып орын алатын түмен бабын ордасы, Түркістан – рухани астана мәртебесін иемденуге бүгінде толықтай құқылы.

Ал бұл тарапта бағзы тарихтан тізгін тартқан алып империяларды

## 1-ші ХИКМЕТ

# Ға, Жаратқан

Ға, Жаратқан! Хақ есіңін аш алыстан, Мен бір жемтік, жесің нәпсім – аш арыстан. Күнәм шексіз, бақытсыздық батпағынан, Шығара сөр, мен бейбақты қасарысқан. Дүние – нәпсі, соны іздеген соры қалың Иттей болдым, сүйек тастар жолыма кім? Қай басты! – Хақ жолынан мен адамсым, Қайда барам, ей, достарым, не қыламын? Нәпсі, шайтан жүргізеді жарлық маған, Бір пенде жоқ соған құл боп шалдықпаған. Пендең сорлы – танымаған оң мен солды, Ға, дариға, қасіреттен қаңғып барам. Десе сенбе: менен де өткен болды әлемет, Қылығыммен салып біттім елге де әлек. Жүзім – қара, басып өткен ізім қара, Қай түріммен көрінемін, мен – қарабет?! Әзіз жанның жақсылығын танымадым, Қайтіп онда жан сырғына бағынамын?! Бас ұрмады дәрегейіңе масыл, залым, Иә, Раббым, енді, міне, зары қалың. Күнәм – ауыр, не бетім бар Досқа қарар? – Сансыз тәубе жеңілдетпес масқара бар. Құл Қожа Ахмет жылап келді, ал, панаңа, Назарың сал, жерім бар ма басқа барар?!  
Қожа Ахмет Ясауи

# Жалпыға ортақ еңбек қоғамы

Бүгінгі әлем үшін жаһандық дағдарыс туындатқан тоқыммен күрес – аса маңызды мәселе екендігі даусыз. Ал ондай күресте тиімділік болу үшін ең алдымен дағдарыстың шығу себептерін түпкілікті зерттеп, оның туындауына сеп болған бағытты бағамдау одан да маңызды.

Берік БАЙБОЛОВ, Айгүл ҰРКИНБАЕВА, «Әзірет Сұлтан» қорық-музейінің ғылыми қызметкерлері

Әлемдік деңгейдегі сапаршылардың пайымдауына, дағдарыс ұзақ жылдар бойы әлеуметтік-экономикалық, қаржылық саладағы қордаланып келген мәселелердің шешіміне дер кезінде жауаптардың болмауынан туындап отыр. Ендеше жаһандық дағдарыспен күрес бір-екі жылдың емес, алдағы бесжылдықтар мен онжылдықтардың енісінде болатыны айдан анық. Әрине, онда да жан-жақты сараланған аса сауатты қадамдар қалғалады сарапшылар. Сонымен қатар, жаппай шарпыған жаһандық дағдарыстан жеке-дара мемлекеттер оқшаулануы шығып кетуі мүмкін еместігін атап отыр. Яғни, экономикалық күйзеліске әлем елдері тек бірлесіп атқарған шаралармен ғана тойтарыс беруге болатынын меңзейді. Әлбетте, жаһанданған әлемде бұл айқын мәселе. Дегенмен, әрбір елдің өзіне жасалатын іс-әрекеті болмаса, ортақ ұстанымға ғана тоқталып, басқаның белсенділігін береке күтсе, онда ол әсіресе, осындай қасан жылдардағы елдің экономикалық тәуелсіздігін де бұлыңғыр ете түспек.

Еліміз жаһандық тұрақсыздық уақытында қандай болуы керек? Дағдарыспен күресте қандай мүмкіндіктерді жүзеге асыру қажет? Ең акыры әлеуметтік саясаттың орнықты әрі жасампаздықпен даму үшін не қажет? Осынау сұрақтардың баршасына Елбасы Н.Назарбаевтың «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты бағдарламалық мақаласы толық жауап бере алады деуге негіз бар. Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың бағдарламалық мақаласы арқылы бүкіл қазақстандық қоғамға үндеу тастап, дағдарыс салқыны әлі де есіп тұрған осы бір шақта ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттырып, елді ұйытатын мәселені айқындап беріп отыр. Бір сөзбен айтқанда, ғаламда жайлаған дағдарыстан сауатты қорғану үшін Елбасы Н.Назарбаев Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай батыл қалам жасауды ұсынды. Ал ондағы бағдарланған басты принцип «еңбек етсең, жемісін көресің» деген қағидамен тұспа-тұспа келеді. Елбасы Н. Назарбаев атап көрсеткендей,

# Хикметті әуелеткен күн болды

Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығы мен ЮНЕСКО тарапынан 2016 жыл – «Ясауи жылы» деп жариялануына орай, қыркүйек айының 22-23 күндері «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайының ұйымдастыруымен Халықаралық «Ясауитану» байқауы болып өтті. Ел Тәуелсіздігін боянды да тұғырды өту, халық мұрасын жадына тоқыған саналы ұрпақ қалыптастыруды көздеген бұл байқаудың маңызы аса зор. Елді сана мен ұлттық идеологиямызды қалыптастырудың ең тиімді де ұтымды жолы.

Дәулет САЯНҰЛЫ, «Әзірет Сұлтан» қорық-музейінің менеджері

Билық сайыстың басты өзгешелігі: байқау жылдағыдай республика көлемінде ғана емес, халықаралық деңгейде ұйымдастырылып отыр. Яғни дәстүрлі додаға алыс-жақын шетелдерден (Қырғызстан, Түркия, Өзбекстан) оқушылар қатысты. Сонымен қатар, байқау ережесіне де бірқатар өзгерістер енгізіліп, жатталатын хикметтер саны қырықтан жетіске ұлғайды. Билық байқауда еліміздің өңірлерінен келген 6-11 сынып аралығындағы оқушылар өз өнерлерін көрсетті. Білімпаздарға жеңілдік жасауды көздеген музей әкімшілігі байқауға қатысушылардың шығындарын (жатын орны, тамағы, қасиетті жерлерге зиярат жасаулары) өз мойнына алды.

Сайысқа қатысушылардың білімін сарапта салған қазылар құрамында осы байқауға Астана қаласынан арнайы келген философия ғылымдарының докторы, теолог Д.Кенжетай, жазушы, ақын Ә.Мананов, т.ғ.к археолог М.Түяқбай, т.ғ.к Ф.Искаков, қазылар алқасының төрағасы, мұражай директоры Ж.Әубәкір болды.

Қазылар алқасының төрағасы «Әзірет Сұлтан» қорық-музейінің директоры Ж.Әубәкір алғашқы сөз кезегін алып билық байқаудың ерекшелігі мен маңыздылығына тоқталып, сайысқа қатысушыларға ақ жол, тілек-лебездерін білдірді.

Бірінші кезеңде хикметті жатқа айтудан сығна түскен үміткерлер дарындылықтың ерен үлгісін көрсетті. Екінші кезеңде Қазақ хандығының тарихына, Қожа Ахмет Ясауи бабамызға, «Әзірет Сұлтан» мұражайына қатысты тарихи ескерткіштер мен жәдігерлерге қатысты билеттерге жауап берді.

Демеушілік қаржы есебінен ұйымдастырылған байқаудың жүлде қоры да билық жылы қомақты болды.

Аса тартысты өткен «Ясауитану» байқауының екі кезең қорытындысы бойынша Ақмола облысынан келген Нұржан Төлеген бас жүлдені (150 мың теңге), ал Шығыс Қазақстан облысынан келген Бекзат Мерекенов бірінші орынды (100 мың теңге) иеленді. Екінші орынға 75 мың теңгеден екі орын белгіленген болатын. Түркістандық хикметші Барно Хамидуллаева және ОҚО-дан келген Ақмоңшақ Бердібек II орын (әрқайсысы 75 мың теңге) еншіледі. Ал жүлделі



үшінші орынды Сырлыбай Зұлқайнар (ОҚО), Бүлдірген Ардахан (Алматы облысы) және Аяжан Әндірбаева (Қазақстан) сынды қатысушылар (әрқайсысы 50 мың теңге) ие болды. Ынталандыру сыйлығы ретінде бес оқушыға 20 мың теңгеден жүлде берілді.

Байқауға қатысқан Қырғызстан, Түркия, Өзбекстан елдерінен келген оқушыларға және Қазақстанның түркі-түркілерінен келген сайыскерлер мен шәкірт тәрбиеленген ұстаздарға қорық-мұражай әкімшілігі тарапынан алғыс хаттар мен баспа өнімдері табыс етілді. Сайыс біткеннен кейін жайылған салтанатты дастарқан басына философия ғылымдарының докторы, теолог ғалым Д.Кенжетай бас жүлде алған ақмолалық өренге Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінен оқу гранты, ал бірінші, екінші,

үшінші орынға ие болған оқушыларға Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне оқу квотасына түсе алатынын хабарлап, сүйінші сұрады. Байқауға қатысушылар, ұстаздар, ата-аналар, сайысты тамашалаушы қалың көпшілік ұйымдастырушыларға алғыс сезімдерін білдіріп, ризашылықтарын айтып тарасты.

Қазақ халқының рухани тұтастығын қалыптастырған, түркі халықтарының рухани ұстазы Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың хикметтері мен ілімін насихаттап, өскелең ұрпақты ұлы баба мұрасын терен меңгеріп, зерттеуге ынталандырып, жас өркенін интелектуалдық пайым-парасатын арттыратын бұл байқау әлі де өзінің жалғасын табатынына сенімді көпшілік риза кейіпте тарасты.

## БІРЕУГЕ ҚАЙҒЫ, БІРЕУГЕ БАҚ ӘКЕЛГЕН КАРТИНА



→ 2

## ҰМЫТЫЛА БАСТАҒАН АСХАНАЛЫҚ ЖИҺАЗДАР



→ 4

# Біреуге қайғы, біреуге бақ әкелген картина

Талай жазықсыз жанды иткенкеңге айдатып, қаншама әйелді жесір, баланы жетім еткен Сталин жеңдеттерінің іс-әрекеті жіркенішті еді. Мұндай ғазбат оқиғаларға Түркістан топырағы да куә болды. Алыс-жақын шетелдерден жер аударылып, пана іздеп келгендердің ақ-қарасын ажырату мүмкін болмады. Олардың арасында жалғыз басты аналар мен балалар да болды. Солардың бірі Сталинмен фотосуретке түсіп, КСРО мемлекеттеріне танылып, жарық жұлдыздай қайта ғайып болған Геля Маркизова еді.

**Қайрат МҰСАБАЕВ,**  
археолог, ғылыми қызметкер

1936 ж. Кремльде Сталин Бурятиядан келген бір топ делегацияны қабылдайды. Сол кездегі КСРО-ның үкімет басындағы белді мүшелері Вячеслав Молотов, Михаил Калинин сынды т.б. бірнеше тұлғалар қонақтарды күтіп алады. Бурятияның жер жөніндегі халық комиссары Ардан Маркизов өзінің бес жасар қызын Ұлы көсеммен кездесуге ерте келеді. Жоспар бойынша кішкентай қыз Сталинге гүл сыйлап, Бурят халқының балалары атынан рахмет айтуы көзделген болатын. Қаршалай қыз өзіне берілген тапсырманы бұлжытпай орындап, үстел үстіне шығып Сталиннің бетінен сүйеді. Көсем кішкентай қызды қолына алып өзінің балаға деген ыстық лебізін айтып, сыйға не қалайтынын сұрайды. Геля сағат пен патефон беруін өтінеді. Сталин Молотовтың қолындағы қызды қорыптан алтын сағат және алтын алқаны (браслет) алып береді. «Ұлы партия көсемі» И.В.Сталиннен Геля Маркизоваға 27.01.1936 ж. деген жазуы бар патефон мен дәл осындай жазу белгісі бар естелік медаль да ұсынады. Осы сәтті байқап тұрған тілші-фотографтар бірінен соң бірі шарт-шұрт етіп түсіріп үлгереді. Осыдан үлкен бір әке мен қыздың арасындағы композициялық қойылмды байқаған «Правда» газетінің редакторы Лев Мехлис бұдан бз «КСРО елі балаларының бақыты символын жасап шығарайық» деген ой түйеді. Сол күннің ермесіне-ақ, «Правда», «Известия», «Огонек» сынды газет-журналдардың алғашқы беттерінде «Спасибо товарищу Сталину за наше счастливое детство» деген тақырыптар суреттер басылып, мақалалар жарыса жазылды.

**СТАЛИН ЖӘНЕ  
ГЕЛЯ МУСИН**

Осы жылы Совет скульпторы Георгий Лавров бес метрлік Сталин мен Геляның (Жолдас Сталинге рахмет балалық шақтың бақыты үшін) ескерткішін жасап шықты. Сталин мен Геляның картинасы балалар

мейрамдарында, пионерлер лагерлерінде, мектептерде, бала-бақшаларда т.б. газет-журнал беттерінде көп ілінді. Фотосурет плакат түрінде де басылып, открыткаларда (суретхаттарда) және мақтау қағаздарында, конфет қорапшаларының сыртқы беттерінде басты жарнама ретінде жарияланды. Әп-сәтте жұлдызы жанған кішкентай қызды бүкіл Бурят халқы танып, аузынан тастамай айтып жүрді. Тіпті, сол кездері КСРО балаларының шаш қою үлгісі де «Сталин мен Геля» картина бейнесінен алынды. Бірақ тым ерте оянған бақыт құсының, тым ерте ұшарын да кішкентай қыз сезбеді.

Хатта, мұнда Сталиннен сыйлық алған, Ұлы көсеммен бірнеше мәрте суретке түсіп, оны әлі сақтап келе жатқан, жер аударылып келген қыз бен оның жесір анасы тұратыны жайлы ақпарат беріп астына «не істеу керек» деген сұрақ белгісін қояды. Хаттың үстіңгі жағына қара қарандашпен «көзін жойыңдар» деп жауап жазылған екен.

Ауыл шаруашылығында атқарған еңбегі үшін «Қызыл ту» орденімен көсемнің өзінің қолымен марапатталған әкесі Ардан Маркизов 1937 ж. 40 мың өлген малға жауапты ретінде және «Жапон тыңшысы» деген жалған айыптар тағылып, қамауға алынды.

Талас Омарбеков ағамыздың «Қазақстан тарихының XX ғ. өзекті мәселелері» атты еңбегіндегі дерекке сүйенсек: «Жапон-герман фашизмі асырандылары» деген сипаттама алған бұл сот процесінде айыпталушылардың өздері төмендегідей қылмыстарды мойындапты. Олар саналы түрде қолхоздарды таратқан, ал адамдарға қарсы қастандықтар ұйымдастырып, оларды тұтқындаған, ұрып-соққан. Қолхоздардың мал фермаларын таратып, олардағы малдарды жеке-шелерге үлестірген. Дамудың капиталистік

жолына түсуге шақырған. Егіншілікті күйреткен. Әлі піспеген көк бидайды жинауды бұйырған. Колхоз малдарына жұқпалы ауруларды әдейі жұқтырған. Мемлекетке астық тапсыруды болдырмау үшін жолдарды бүлдіріп, көпірлерді қиратқан. Егістікке әдейі су қаптарған немесе су бермей оны күйдіріп жіберген. Жиналған жемшөпті қасакана жаңбыр астына қалдырып шірткен, қолхоздың қолды малына жемшөпті бергіздірмей қойған. Сонымен қатар, олар қолхозшылардан материалдық көмектер жинап, қасакана оларды қанаған». Осынау ішкі істер органдары ойдан шығарған «жантүшігерлік

қылмыстар» сот процесінде «нақты деректермен» бекітілгендіктен «халық жауы» атанып қамалғандардың ақталып шығуы қиын болды.

**СТАЛИНГЕ ХАТ**

Геля шешесі Доминиканың айтуымен Сталинге хат жазды. Оның алдында өзінің болғанын, әкесінің нағыз коммунист екенін, елге тигізген еңбегі үшін өзінің (Сталин) тарапынан «Қызыл ту» орденімен марапатталғанын, жазықсыз айдалып кетіп бара жатқанын тілге тиек етті. Алайда, өкініштісі сол кеткен хатқа ұшты-күйлі жауап болмады. Көп ұзамай-ақ, әкесі Ардан Маркизов бір топ Бурятия елінің басында жүрген мемлекет қайраткерлерімен қатар 1938 ж. 14 маусым айында ату жазасына кесілді. Құртқандай кішкентай қыздың тағдыры өзгеріп сала берді. Ұлы көсеммен



түскен фотосурет «халық жауының» қызымен түскен өрескел кателік деп танылып, қоғамдық жерлерге қойылған мүсіндердегі, картиналардағы Геля есімі алдырылып тасталып, орнына «Сталин және Мамлакат» деп ауыстырылды және терең идеологиялық тұрғыда картинадағы қызды Мамлакат деп сендірілді. Мамлакат Нахангова тәжік қызы, мақташы, әрі станокшылар қозғалысының белсенді мүшесі 1935 ж. 11 жасында Сталинмен фотосуретке түсіп алған пионерлер арасында Ленин орденімен марапатталған, жасы жағынан Гелядан 5-6 жас үлкен болатын. Антропологиялық жағынан түр-кескіні монғол нәсілдез болғандықтан Геляға ұқсайтын. Сондықтан КСРО халқының көбісі қос қызды ажырата алмайтын-ды. Әкесі Ардан Маркизов атылап соң артына шешесі Доминика да «халық жауының әйелі» ретінде қамауға алынды. Бірақ көп ұзамай Геля анасымен қайта қауышты. КСРО-ның солшыл саясатын ұстанған белсенді жеңдеттері ақыры жесір мен жетімді кіші бауырымен қосып Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан қаласына жер аударды. Оларды мұнда қазақтар, өзбектер, бұқарлық еврейлер күтіп алып көп көмек қолын созды. Геля мұнда (Түркістанға) өзгем бірге Сталин сыйға тартқан сағат пен патефонды ала келді. Кейін ол өзінің тілшілерге берген естеліктерінің бірінде (1995 ж.) «Менің тағдырым кімді қызықтырғанын қайдам, сол кездегі анам екеуміздің жер аударылғанымыз әйтеуір

аман қалуымыздың жолы болды», деп айтқан екен.

**БЕРИЯНЫҢ БҰЙРЫҒЫ:  
КӨЗІН ЖОЙЫҢДАР!**

Түркістан қаласына келген соң да олардың басына төнген қара бұлт сөйлемді. Мұнда НКВД-нің тергеу бөлімі (әлі күнге дейін сақтаулы) қайта-қайта апта сайын шешесі Доминиканы шақырып, күйеуі Ардан Маркизовтың тағдыры жайлы сұрақтардың астына алды, ол оларға күйеуінің «10 жылға тіркеусіз жер аударылып кеткен» деген жауабынан таңбады. Себебі, «халық жауы» болып атылып кетті» – деп айтудың өзі сол заманда қорқынышты болатын. Доминика Түркістанда «Қалалық жасөспірімдер емханасында» дәрігер болып істеді. Жер аударылып келгеннен кейін 2 жылдан соң 32 жасында емханада түнгі кезекшілік жұмысында жүрген сәтте кенеттен қайтыс болды. Дерек бойынша оның у ішіп өлгені жайында айтылса, енді бір болжам бойынша тамағын пышақпен орып жіберген деген дәйек келтіріледі. Қалай болғанда да, Түркістан НКВД-нің тергеу бөлімі қылмыстық оқиғаға байланысты жұмыс істемеген. Мұны Геля (Энгельсина) бертін келе Ресей федералдық қауіпсіздік қызметі мұрағатынан біледі. Онда Түркістан аудандық НКВД басшысы сол кездегі КСРО-ның ішкі істер халық комиссары Берияға хат жолдаған. Хатта, мұнда Сталиннен сыйлық алған, Ұлы көсеммен бірнеше мәрте суретке түсіп,

# Шаһарды туризм орталығына айналдырудың бағыт-бағдары

Жаһандану заманында ел экономикасының әл ауқатын көтерудің маңызды салаларының бірі – туризм бағыты екені әмбеге аян. Көптеген елдер бұл тұрғыда оңтайлы жұмыс істеп, озық тәжірибе үлгісін танытып, ел дамуына серпінді үлес қосуда. Мәселен, Түркия өзінің Анталия қаласымен танымал болса, Египеттің де Гиза жазығының пирамидалары қаншама миллиондаған туристердің көз жанарын арбауда. Халықаралық сарапшылар пікірінше туризм өлемдік экономикадағы қарқыны төмендемейтін саланың біріне жатады. Елбасының өзі өлемде туризм саласын дұрыс бағытқа қойған бірнеше мемлекеттерге іссапар шегіп, олармен тәжірибе алмасудың жолын қарастырып ЮНЕСКО көлемінде аталып өтілетін ЭКСПО-2017 көрмесін өлімізде өткізуді қаншалықты зор екенін айқындап, ел экономикасының даму жолындағы тағы бір тың серпілісті анықтап берді.



калдырып, діни-рухани туризм жасаудың жолдарын былайша айтып кетті. «Қазаққа аты шыққан, арғын ұрпағынан Қазыбек би, Жәнібек бағыр, Керей, Шон бұлғарға зиярат еткен соң, күмбездің асты үстінде қырық сегіз құжыра-үш жүз алыс дәрежелік, барлығын түгел аралап, алты мың алты жүз алыс алты аят түгел жазылған күмбезді көріп болған соң сұлтанның өзміз құдықтарынан су ішіп, бұдан ас қазандар тұрған үйге кіріп бұдан кейін алыс үш жыл жерастында жатқан Хилуетханаға кіріп, зиярат қылғаннан кейін, тоқсан тоғыз машайықпен Жахр зікірін салған Фам гашыққа зиярат қылып, мұнан соң Хазіреттің пірі хәм ұстазы Шайх Шихаб ад-дин Сарвар әулиеге зиярат қылып, бұдан соң сұлтанымыздың Гауһар атты қызын алған Әли Қожа атаға зиярат қылып, Наджим ад-дин әулиеге

зиярат еткеннен кейін, батыстағы Баба Ғарипке барып Жеті атаға зиярат жасап, Үшбас атадан айналып Тақанияға жеткен адам, Жеті атаның бір үші Сұлтанның Юбраһимнің шахид болған жерінен шығып, күн шығысында тоқсан тоғыз мың қашыра кітап артып, сексен сегіз мың ескермен келген Имам Марғұз-Көктонды атаның орнына зиярат қылу керек дейді».

Садық Сапабекұлы жазып кеткен Қожа Ахмет Ясауи кесенесі қаншама өз еліміз бен өзге елдердің адамдары көріп дұға ететін қасиетті орынға айналып отыр. Қазіргі таңда «Әзірет Сұлтан» қорық мұражайы рухани туризмнің дінгеі болатын ескерткіштердің – мемлекеттік тізімге алып, оны сақтап ұрпаққа аманат етуде бірқатар жұмыстар істеп келеді.

Мұражайдың Археология және тарихи ескерткіштерді қорғау бөлімінің

қызметкерлері Түркістан өңірінде орналасқан Үкәшә ата, Ерқожа ата, Сауқым ата, Көктонды ата, Құрышхан ата сынды діни-рухани архитектуралық ескерткіштерді есепке алып, ғылыми айналымға енгізуде. Ал, бөлімнің археолог мамандары Ескі Түркістан қаласының Жеті ата қақпасының түбіндегі Баба Араб (Farin) кесенесі мен мешітіне, сондай-ақ, Үйдәмес ата кесенесі мен Бабырат ата көпіріне және қаланың шаһарстанындағы Хан мешіті мен Жәудір ана мешіт-медреселеріне археологиялық зерттеулер жүргізді. Ендігі мақсат Жәудір ана, Баба Араб, Үйдәмес ата, Бабыр-ата көпірі ескерткіштерін қайта қалпына келтіру кезек күттірмейтін мәселе болып тұр. Дегенмен, Түркістан өңірінде әлі де болса, діни рухани туризмнің дұрыс жолға қойылмағанын байқаймыз. Қаламыздағы бір Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің өзі-ақ әлемде теңдесі жоқ, жеті кереметтің бірі – Египет пирамидаларымен салыстырғанда одан қалыса қоймады, ісі алаштың барлық бетке тұтар тұлғалары мен қазактын игі жасқарылары осында жерленген, яғни, кесенені ұлттық пантеон деуге толық негіз бар.

Түркістан өңіріндегі рухани туризм саласын дамытудың болашағы 2004 жылы-ақ, Елбасының «Мәдени мұра» бағдарламасын енгізгеннен бастау алған десек те болады. 2004-2014 жж.

Іске асырылған бұл жоспар Ескі Түркістан, Сауран секілді қалалардың негізгі құрылыс кешендерін аршып, зерттеуге зор ықпалын тигізді. 2009 ж. Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет комитеті аталған ескерткіштерді сақтау, қайта жаңғырту, консервациялаумен айналысып жүрген «Қазайтажанғырту» мекемесіне ұсыныс жасайды. Ол ұсыныстың мақсаты – мемлекеттің ежелгі

оны әлі сақтап келе жатқан, жер аударылып келген қыз бен оның жесір анасы тұратыны жайлы ақпарат беріп астына «не істеу керек» деген сұрақ белгісін қояды. Хаттың үстіңгі жағына қара қарандашпен «көзін жойыңдар» деп жауап жазылған екен. Осыған қарап Геля анасының өз-өзіне қол жұмсамағанын, оның қолдан қасакана өлтіріліп жібергенін анықтайды.

Анасы өлгеннен соң Геля інісі екеуі бар-рар жер, басар тауы қалмай Түркістандағы жетімдер үйін паналайды. Жазушы Сергей Цыркунның айтуынша Геля «НКВД-ның халық жауы балаларын қабылдайтын арнайы орталығына» түскен.

**ЖАҢА ЕСІМ,  
ЖАҢА ФАМИЛИЯ**

1941 ж. шешесінің сіндісі келіп, қос жетімді Мәскеу қаласына алып кетеді. Онда асырап алған әпкесі қыздың аты-жөнін Энгельсина Сергейқызы Дорбеева деп өзгертті (әпкесінің күйеуінің фамилиясы). Жаңа есім, жаңа фамилиямен алғаш осында (Мәскеу қаласында) Энгельсина (Геля) мектеп табалдырғын аттайды. Ол оқып жүрген кезде оқу орнынан әрдайым өзінің Сталинмен түскен картина, мүсінін көріп жүретін. Бірақ ол көпке дейін оны ешкімге айтпай, тіс шығармай жасырып келді.

Дорбеева Мәскеу мемлекеттік университетінің тарих факультетіне түсіп Шығыстану мамандығы бойынша білім алды. Бір қызығы ол осында Сталиннің Светлана есімді сүйікті қызымен қатар оқыды. Олар бір-бірін жақсы таныды, бірақ жақын араласуға әрекет жасамады. Себебі, олар өздерін кімдердің қыздары екенін жақсы білді. Энгельсина университетті бітіріп мектепте және жоғары оқу орнында мұғалім қызметін атқарды. Кейін, Кенес өкіметінің шығыстанушысы, үндітанушы Эрик Наумовұлы Комаровқа тұрмысқа шығады. Одан Лола есімді қыз дүниеге келеді. 1960 ж. Энгельсина екінші рет шығыстанушы ғалым Марат Чешковқа тұрмысқа шығып, 40 жыл отасады. Бұдан Алексей есімді ұл қалады. Шығыстану институтында жұмыс істеп жүріп тарих ғылымдарының докторлығын сәтті қорғап шығады. Ұзақ жылдар бойы «тарих кателігі» болып саналған картинасын қайта қалпына келтіруге әрекет жасап Мамлакат Наханговаға хабарласады. Бірақ жас шамасы үлкен Мамлакат бұған назар аудармайды. Сол бағыт қиындан-дан соң өмірі түбегейлі жақсы жағына өзгерген тәжік қызы АҚШ-та оқып филология ғылымдарының кандидаты атағын алып, Душанбеді педагогикалық институтта шәкірттерге тәрбие береді. Бұрынғы Артек балалар лагері, демалыс орнында бірге болған құрбысы Гуля Корелева өзінің естеліктерінің бірінде «Мамлакаттың өмірі мәнді және оның жолы болғаны» жайында жазыпты.

2004 ж. Беларусь кинорежиссері Анатолий Алай Энгельсина Чешкованы (Геля Маркизова) тауып, 10 минуттық сұхбат алып, болашақта көлемді деректі фильм түсіру мәселесін қозғайды.

Осыдан соң фильм алдында демалып, тынығуға Түркияға сапар шеккен Геля Анталия қаласында саяхатта жүріп, жүрек талмасынан дүние салады. Осылайша, ақиқатты аңсап өткен ұміт-арманы ақталмаған қалып картинадағы тарихи шындықтың құпия сырын өзімен бірге ала кетеді.

астаналарының бірінің бай әрі құнды тарихын барынша толық және көрнекті таныту болды және Түркістан шаһарын мұражайға айналдырудың бес басым бағыттары анықталды.

1. V-VIII ғғ. Ясы қаласының ерте кезеңдегі мәдени мұра нысандарын мұражайға айналдыру (соңғы жылдардағы (2010-2012 жж.) археологиялық зерттеулер мұның алғашқы ғасырын «1 ғасыр» деп өзгертуге мүмкіндік беріп отыр);

2. Ежелгі қорымдарды және суфистік орталықтың мәдени мұра нысандарын мұражайға айналдыру (бұған Әулие Құмшық ата жерасты мешітін мұражайға айналдыру мен кесене айнасындағы Қазақ хандығы тұсында қалыптасқан жерасты сағаналары мен хандар кесенелерін қайта жаңғырту жатты);

3. XVI-XVIII ғғ. Қазақ хандығының саяси орталығы ретіндегі кейінгі орта ғасырлардағы Түркістан қаласының тарихи-мәдени, рухани мұра нысандарын мұражайға айналдыру (бұған қала қамал қабырғаларын, қақпаларын, бас көшелерін, хан ордасын, хан мешітін, су қоймасын зерттеу және мұражайландыру жатты);

4. XIX ғ. соңы XX ғ. басындағы Түркістан қаласының мәдени мұра нысандарын мұражайға айналдыру (бұған Қоқан билігі тұсындағы қытайдәлі, Ресей билігі тұсындағы әскери құрылыстар – Бас шата, әскери қазарма, әкімшілік үйі, шіркеу, дәрханна, кіріс үйі және т.б. ескерткіштерді қайта жаңғырту және мұражайға айналдыру жатты);

5. Кесененің солтүстік-батыс бөлігіндегі 12 жа жердің тұрғын үй жайын қайта қалпына келтіру (регенерация) және онда туризм инфрақұрылымын қалыптастыру үшін зергерлік, ұсталық, көзешілдік кәсіпін шығалдандатын шеберханалар, керуен сарай түріндегі мейманхана, шығыс моншасы және т.б. құрылыс кешендерін орналастыру (ортағасырлық қаланың бір бөлігін қайта қалпына келтіру);

Ендігі мақсат тек Ескі Түркістан қаласы ғана емес бүкіл аудан территориясына орналасқан барлық тарихи-мәдени, рухани және табиғи ескерткіштерді туризм инфрақұрылымына енгізу болып отыр.

СҰХБАТ



# Түркістан – рухани Астана мәртебесін иемденуге толықтай құқылы

←1

1978 ж. «Жұма мешіті», 1979 ж. «Шығыс моншасы», 1980 ж. «Қала қорғаны», Рабия Сұлтан Бегім кесенесі «Казпроектреставрация» институтының жобалауымен қайта қалпына келтірілді.

Шынтауы айту керек, әлі де маман жолдан зерттеушілік емес, зер салушылықтан әрі аса алмай жатқан да жай бар. Сондықтан да туристік болашағымыздың бағдаршамы, Ұлы Жібек жолы бойында күн кешіп, шаруа күйттеген халықтың өркеніне дамуында елеулі рөл атқарған көне шаһарды қайта жаңғырту, ғылыми орталыққа айналдыру – еліміздің айтулы мақсаттарының бірі.

Кешегімізді түгендеп, ертемізді ой елегінен өткізі білгенде ғана «Мәңгілік Елге» айналатынымызды Елбасының өз Жолдауында шегелей айтуы тектен тек емес.

**«Осыдан бірнеше жыл бұрын біреулер «ойбай, не айтасын, баба кесенесі құлау алдында тұр, жөндеу жұмыстарында олқылықтар көп», – деп елді бір дүліктіріп еді. Соған айтар уәжді пікіріңді естік.**

– Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі қалпына келтіру жұмыстарының негізгі кезеңі Егемен еліміздің тәуелсіздік жылдары жүзеге асты. Жетпіс жылдан астам ұлттық рухымызды бұғауда ұстаған тоталитарлық жүйе қасиетті ғимараттың тарихи-мәдени құндылық ретіндегі әлеуметтік мүмкіндігін пайдалануды шектегенімен бабаға деген, кесенеге деген ел ынтасын түпсіздікке алмады. Сонда да Әзірет Сұлтан кесенесіне сәулет өнерінің үздік туындысы ретінде ғана мән берілген шектеліп, оның тарихи, рухани сипатын қалпына келтіру екінің кезекке ысырылғаны бұл күнде ешкімнен жасырын емес.

Тәуелсіздік таңы атқан соң ұлттық мүдделен туындаған мәдени, рухани құндылықтарды қайта бағалауды уақыт өзі қажет етті. Осы ретте 1992 жылдың 29 мамырында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің «Тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтау туралы» қаулысы дер кезінде қабылданды деуге болады. Қаулының ізмен «тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының заңы іле-шала жарық көрді. (2.07.1992ж.) Бұл заң тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғауда үлкен рөл атқарды десек әсіре айтпағандық.

Еліміз экономикасын дамытуға шетелдік инвестиция тартыла бастаған тұста онтайлы жүргізілген реформа нәтижесінде Қазақстан мен Түркия арасында ынтымақтастыққа құрылған уағдаластыққа қол жетті. Қалпына келтіру жұмыстары кесене іргетасын бекітуден басталды, мұны 1993-1995 жж. түркиялық мамандар сауатты түрде атқарып шықты.

Алып кесененің іргетасын 1,5 метр арта да отырып, темір-бетон қоспаларын құюды Түркияның STFA «Темел Арыстармаш» фирмасы шебер ақтады. Көнеңің көзі – баба кесенесін қалпына келтіруді жүзеге асырған «Вакиф Иншаа» фирмасының жұмысы мамандар тарапынан оң бағаланды, кешенді құрылыс зиратысы қонақтарға, туристерге қақпасын айқара ашты.

Ал тәуелсіздік алғаннан кейін, мұнда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ұсынысымен, тікелей ықпал етуімен халықаралық дәрежедегі университет ұйымдастырылды, каланың 1500 жылдығы ЮНЕСКО бағдарламасына сай халықаралық деңгейде атап өтілуі – сөз жоқ Түркістанның келешек тарихи-мәдени мәртебесін көтерудің шынайы нышаны болды.

Соңғы мәліметтерге жүгініскен Қазақстанда 45 мыңдай архитектуралық, археологиялық, тарихи жәдігерлер бар делініп жүр. Бұл өріне анықталғаны ғана, ал тылсым сырын бауырына басып жатқаны қаншама. Қазыналы Оңтүстіктің әр тасы өткен күннен сыр шертеді, жуасаны мен ізнен шежірені қозғайды.

– Әулие! Қаратау Әзіреттің кеңі еді – деп жыраулар толғағандай өзінің қайталанбас көркемдігімен де, әлемге танымалдылығымен де ерек тұрған Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың кесенесі негізінде мұражай ашылған соң қалпына келтіру, жөндеу жұмыстары шырдап қолға алына бастады. Өріне, бұған дейін жөндеу-жаңғырту жұмыстары жүргізілмеген деу әсте жасандыққа апарып соқтырар еді. Сәулет өнерінің бірегей туындысы, әсіресе, 300 жыл қазак хандығының астанасы болған алып ғимараттың жөндеу жұмыстары жөніндегі материалды өзі бірнеше ғылыми еңбекке жүк болғанды.

**– Тіесілі орындар тығырықтан шығу мәселесін қамдап жатқан ба!**

– Өріне, сондықтан да Ұлттық мәдениет үшін айрықша мән бар тарихи-мәдени, сәулет және археология ескерткіштерін халыққа кеңінен насихаттау және қорғау жұмыстары әрдайым күн тәртібінен түскен емес.

Айта кетсек, Мәдениет және спорт министрлігінің бастауымен өткізіліп жатқан мұндай шаралар бұған дейін де өткізілген. Мәселен, 2015 жылы 31 қазан мен 12 қараша күндері аралығында министрліктің арнайы шақыртуымен ЮНЕСКО-ның сарапшылары – Она Вилейкс (Бельгия), Джонатан Белл (АҚШ) және Рэнд Эпич (Испания) К.А. Ясауи

кесенесінің техникалық жай-күйін зерттеп, ескерткішті сақтау бойынша ұсыныстарын жасаған болатын.

Биыл наурыз айының 24 күні Мәдениет және спорт министрлігінің ұйымдастыруымен «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи мәдени қорық мұражайында тағы да дөңгелек үстел болып өтті.

Бұл жолғы дөңгелек үстел жұмысына Мәдениет және спорт министрлігінің арнайы шақыруымен ЮНЕСКО/ИКОМОС консультативтік миссиясының бағдарламасы аясында келген ресейлік сарапшы Наталья Душкина, Мәдениет және спорт вице-министрі Ғалым Ахмедияров, Түркістан қаласының әкімі Әліпбек Өсербаев, «Әзірет Сұлтан» мұражайының мен, «Қазақтәжікханарту» директоры Арнур Қарымсақов, Түркістан қаласының бас сәулетшісі, қоғамдық бірлестік өкілдері, тарихшы, археолог, реставратор жанғыртшы, эколог, т.б. сала мамандары қатысты.

Басқосуда «Жібек жолы» бойына орналасқан Түркістан қаласының келешекте туризм орталығына айналуына жол аша отырып, бүкіләлемдік деңгейдегі мәдени мұраға зиян тигізбей оны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізудің барлық келесі жолдары талқыланды. Осындай ЮНЕСКО аясында Бішкек, Алматы қалаларында өткен алқалы жиындарға жуырда ғана тағы қатысып қайттым.

**– Тұрақты төгісінен қойсақ. Жыл сайын 1 млн-ға жуық туристі қабылдауға қауіпті шаһардың алдағы мүмкіндігі қаншалық? «Біздерде мынадай бар, мынадай бар» деп көрсете аларлық қозғалым неміз бар? Осыған оралсақ.**

– Сол әріректе «Түркістанда не бар дейсің, бір мазары, бір базары» – деген мәтел сөз болатын. Ашы да болса шыныдық. Сөйтсек қылышынан қан тамған қызыл империя «Дін – ашын» деп, қасакана көзімізді тұрмалаған екен ғой. Көкірек көзі ояу, көре білгенге сыр-ын ішке бүккен асыл құндылықтарымыз жетерлік екен. Кеш ұғынып, сан соққаннан не пайда. Жиртығымызды түгендеуге тәуелсіздік тұсында ғана бет бұрмадық па? Әйтпесе қала көлемінде де қызқтық орын баршылық: «Темір жол депосы», «Қазынашылық үй», «Темір жол вокзалы», «Су мұнарасы», «Орыс-түзем бастауыш мектебі», «Шіркеу үй» секілді ғасырлар күзсі – ғимараттар шоғыры бәз-баяғы қалпында сақтаулы. Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің архитектуралық үйлесімді ғимараттары, Нәзір Төрқұлов, Саттар Ерубасев, Сұлтанбек Қожанов, Нұртас Оңдасанов музей үйлері, ғалым Бейсенбай Кенжебаевтың жеке кітапханасы т.т.

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражай тізіміндегі тарихи-мәдени ескерткіштер туралы мәліметке елтеп көз салсақ көптеген ақтаңдақ беті ашыла түседей. Мұражайдың құрамында Түркістан қаласының аумағында орналасқан 165 тарихи-мәдени ескерткіш оның ішінде ресми бекітілген Халықаралық маңызға ие 1 ескерткіш, Республикалық маңызға ие (тарихи, діни рухани) 16 ескерткіш, археологиялық 86 ескерткіш, сонымен қоса ортағасырлық және XIX-XX ғғ. тән сәулет-құрылыс ескерткіштер саны – 62.

«Әзірет Сұлтан» қорық мұражайының қазіргі таңдағы жалпы қорындағы жәдігерлер саны – 23788, оның ішінде негізгі қорда – 13396, ал ғылыми-көмекші қорда – 10392 жәдігер бар. Тізімді әрі қарай қаузауы түселік. Алдымен Қожа Ахмет Ясауиға қалам тербелік.

«Менің хикметтерім Алладан пәрмен, оқып ұққанға бар мағынасы құран» – деп түркі әлемін құран аяттарымен, пайғамбар хадистерімен сусындатып, хикметтерін жазған дана.

Бала кезімде Лә иллаһа, илла алла, Иллаллада пайда бар, Білмеген құлға не айла бар, Барар жерің қараңғы, Шамшырағың сайлап ал – деп әжелеріміз бесік жырымен қоса әнде осы өлең шумақтарын айтар еді, кейін байқасақ Әзірет Сұлтан хикметі екен ғой.

Кенестік дәуірде тапқанымыздан жоғалтқанымыз әлдеқайда көптеу болды, 70 жылдың аржақ бер жағында ондаған ғасырлар бойы араб әліп-биімен жазылған баға жетпес асыл мұраларымыздан ажырап қалдық.

Ит тартқан түрдей жұмаланған Қазақстан тарихы «құлдібадам» күй кешті. «Өзгенің патшасының бәрі жақсы, біздің хандар неліктен жаман болған» деп Ғафу ақын ашына айтпақшы елін-жерін қорғауда ұлт үшін ұстын болған біздің бабаларымыз аз еңбек сіңіріп-пе екен? Осының бәрін шежіре күзсі көк кесене қазақтың 21 ханының мәңгілік жаны жай тапқан жері. Алғашқы Конституциялық заңы – «Жеті жарғының» дүниеге келтіріген өз Тауке, Түркістанды басы бүтін қазаққа қайтарған Еңсегей бойлы ер Есім ак киізге көтеріп ұш жүздің ханы атанған.

Абылай сымды даңқты хандарымыз, айыр көмей жез таңдай қызыл тілдің шешені бастаса елдің көсемі қаз дауысты Қазыбек сынды билеріміз аузын көкке білеген, найзасын тоске тіреген Бөгенбайдай баһадүрлер, алаштың игі жасқарылары «Әзірет Сұлтан» бір ұсы топырағы бұйырғанын көксемеп пе еді?

Айтпағанда болғанымен, жүзеге асырылар

істер шаш-егеткен. 88 га жерді алып жатқан ескі қала орнын байырғы қалыпқа ендіру – нағыз туризмнің қайнар көзі болмақ.

**– Бұрын Түркістан мен Түркіменстанды шатастырып жүргендер Ел тәуелсіздігінен соң, көкірек көздері ашылып, осындай рухани қала барына, мұнда «әуліелердің әуліесі» Құл Қожа Ахмет Ясауидің теңдессіз күмбезі көк тіреген кесенесі барлығына көздері жеткендей. Кесене жайлы, қордағы жәдігерлер туралы ой бөліссек.**

– Қалаға жақындағанда күншілік жерден бұалдыр сағыннан апақ шәлі оранып, аспанмен таласқан көк күмбез жанарды арбайды. Бұл – ісі мұсылман пір тұтқан «әуліелердің әуліесі» саналған – Қожа Ахмет Ясауидің кесенесі «Тарыхқанага тай берген, қорыққанага кой берген» – деп ел дәріптеген әуліенің мәңгілік тұрағы.

Ортағасырлық сәулет өнерінің аса құнды ескерткіші. 1396-1399 жылдары Әмір Темірдің пәрменімен әулие баба Қожа Ахмет Ясауи қабірінің басына тұрғызылған. Көптеген жазба деректерде келтірілгендей, болашақ құрылыстың жобасын жасауда Әмір Темір тікелей өзі қадағалап, негізгі өлшемдерін анықтаған деген де болжам бар. Осынау теңдессіз әсем кесене – үлкен порталды-күмбезді мемориалдық құрылыс. Мұнда архитектуралық жергілікті дәстүрді жете меңгерген парсылық жас шеберлердің жобасы құрылысқа негіз етіп алынған. Кесене оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай созылып жатыр. Ені – 46,5 м, ұзындығы – 65 м. Күйдірілген шаршы кіріштінен өрілген. Кесене жобасының ерекшелігінің өзі сонда-мұнда Орталық Азия сәулет өнерінде бұрын-

жағымен өтетін эпиграфтық фризе Құран Кәрім сүрелері мен аяттары шебер өрнектеліп жазылған. Жазулар көгілдір қышпен безендірілген. Жазулардан «Алла», «Мұхаммед», «О, жарыққаушы», «Билік Аллада», «Алла менің әміршім», «нижраның 800 жылы» деген сөздерді оқуға болады.

Кесенеді көргеннің таңдайын қақтырар, алтынмен аптап, күміспен күптеген құнды заттар жетерлік. Солардың бірегейлері қолдан соғылып, алтын, күміс жалатылған есік тұтқалары мен алты шырпадан да сәулет өнерінің інжу-маржандарының қатарына жатады. Жәдігерлерде оны жасаушы исфаһандық шебер Тәдж әд-Дин Исәддиннің есімі жазылған. Қола шырағандарға жазулар нижраның 799 жылы 20-рамазанында жасалғандығынан хабарлар етеді. Кесененің нақ төрінде

Ыскак баптың ұрғы, Ыбырайым ата құлыны, Баршының қолы қыстаған, Лашын құстар ұстаған, Сансыз мұрид бастаған, Құл Қожа Ахмет Ясауи – деп Сүлеймен Бақырғани жырлаған «машайықтар ұлығы», «әуліелердің әуліесінің» құлпытасы орналасқан. Қабірхана есігі жұқа темірмен қапталып, оған алтынмен жазулар түсірілген. Кесене мешіттің 16 терезесі, қос қабақ күмбезі бар. Мешіттің батыс жақ қабырғасына Меккедегі Қарба іспетті 3,5-2,5 метрлік мозаикалық михраб орнатылған. Кесененің оңтүстік-батыс жағындағы Аллага құшылық етуге арналған жерасты ғибадатханалары Ясауидің тірі кезінде жасалып, кейін қайта жаңғыртылған 19 ғасырдың соңына таман Қожа Ахмет Ясауи кесенесі шығармашылығы

тәжірибелік негізін тарихат белгілейді. Қожа Ахмет дүниетанымының мәні – «аламның өзін-өзі тануы» арқылы «Хақты тануы». Бұл жолдың алғашқы мақамы (басқышы) – «тәубе», соңғысы «құлдық» (убудият, аба).

«Диуани Хикмет» оның бүгінгі ұрпаққа жеткен көлемді шығармасы – «Диуани хикмет/Диуани Хикмет» (Хикмет – жинақ). Бұл шығарма алғаш рет 1878 ж. жеке кітап болып басылып шығады. Содан кейін ол Ыстанбұл, Қазан, Ташкент қалаларында бірнеше қайыра басылады. Қорық мұражай қорында оған өзге 1300-дей қолжазба, қонақ кітаптар сақтаулы. Бұл да айрықша қажыр-қайратты, өте білімді де білікті мамандарды қажет етуде.

**– Зиярат етушілер, ат сабылтын келген туристер бір Түркістаннан қайтпайтын болар. Олардың ішінде өлкемізбен апталап, айлап таныастықпа да жетерлік. Бұған арнайы туристік бағыттар белгіленбе?**

– Әлбетте, келген қонақтың көбісі Оңтүстіктің бас қаласы – Шымкент бағытымен бізге жетеді. Бұған белгілі жайттар әсерін тигізбей қоймайды. Әуе қатынастары, қонақүйлер, т.б. Дегенмен, түркістандықтар да қарап қалмайды. Оған мүмкіндік зор. «Барамын», «көремін» дегенге көрсетер жер де жетерлік.

Түркістаннан аптап бассаң Қожа Ахмет Ясауидің ұстазы Баптардың бабы – Арыстанбаптың, «Шығыстың Аристокел» атанған ғұламалардың ғұламасы Әбу-Насыр әл-Фарабидің даңқы айдай әлемге паш еткен Отырар аймағы Түркістанмен шекаралас жатыр. Тоғыз жолдың торабына орналасқан киелі қалаға өкпе тұс Арыстанбап, Отырар тарапынан келесіні Меңдуана баба, Гауһар анаға бет түзейсіз. Осы жерде тоқтала емік бір жайт бар. Түркістан өңірінде көлді қасиеті бар сулар мол-ақ. Минералдық құрамы жөнінен Сарыағашпен бірдей «Гауһар Ана» жылы суы адамның ішкі ағзаларына мың да бір дәуа. Сол секілді «Теке», «Қызыл шаруа» суы «теміреткі», «көтыр», «қышыма», т.б. ауруларды емдеуде таптырмас шипагерлікке ие.

Әлемдегі жәннәттен тамырларымыз бір сағатыда деңгейлес қызыл мия да Түркістан топырағында өсетінін көшілік біле жүрес арттық етпес. Кентау бағытында Имам Марғозы – көк жөтелдің пірі (Көк тонды ата), Құшы ата, Зенгіш баба бейіттері оқшауланған дара тұр. Әлемдік өркениетте «Қошқорған» фаунасы мен флорасы» атанып ерекшеленетін Қосқорған да Түркістан-Кентау тас жолына аса қашық та емес. Кезінде даңғайыр жазушымыз М. Әуезов «Кентау-Қаратау тәжі» деп жоғары баба берген шағын да әсем қала 30 шақырым жерде ғана тиіп тұр.

Қарт Қаратаудың қос қапталын қатар жайлаған Созақ пен Түркістанды жалғап жатқан бірнеше асу бар. Күнгедей теріскейге асансы Әзірет Сұлтан тұп бабасы – Ысық Дала еліне исламды таратушының бірі – Ыскак баб, оның серігі Баба тұкті Шашты Өзіз, әділдігі қара қылды қажарған Қара бұра, ақыл мен көрікті қатар іемденген, ел үшін опат болған Ақбікеш кесенесіне соғасыз, деп бойы қаратаудың ер көрікті тұстарын тамашалауға мүмкіндік аласыз.

Шымкент – Сайрам бағытында Шәмші қожа, Жүсіп ата бейітін тоқтап, бет сипайсыз. Тақтайдай теп-тегіс түзу жолмен сырғып отырып, 2-3 сағатта «Сансыз баптар мекені-Сайрамға» жетуге болады. Бұл Қожа Ахмет Ясауидің кіндігін кескен жері, атасы Ыбырайым мен анасы Қарашақтың бейіттері белгі болып қалған жер.

Түркістаннан солтүстік батысқа ат басын бұрсаңыз Кәріз, Қарашық елді мекендеріне ұшырасасыз. Бұл – жерасты суларын біріктіретін құдықтар қазып, егістік суарған дикан ауыл. Әрісі Орта Азия, берісі Оңтүстік өлкеде баламасы жоқ кәріздер осында. «Әзірет Сұлтан» қорық мұражайында сақталған ірілі-ұсақты кәріз құбырлары көрермен назар аудармай, ойға қалдырмай қоймайды. «Ақиқат сый» шығармасының авторы Ахмет Юнекидің (Юганка) туған балалық шағы өткен жер, «Жүйнек төбеге» соқпай тағы да кете алмайсыз. Оған әрі таяқ тастам жерде Әмір Темір пәрменімен «Тайқазанды» құйған Қарнақ ауылы орналасқан. Бір ғажабы әлі күнге тайқазанды құйған шеберлердің үрім-бұтағы қарнаққа күн кешуде. Шәмші архитектурасымен көзге ұрып тұрған Өзімет Ишан мешіт-медресесі де осында. Әйгілі айтқышырылдың дүлдүлі Шортанбай Қанайұлы мен Құнанбай қажы төс қағыстырып, қияметтік дос атанып Семейге көшіріп алдырғанын ісі Алаштың мақтаншысы Мұхтар Омарханұлы Өүезовтің ата-бабаларының құт қонысы болған жер. Жолай Серт ауылынан өтіп, тау сілемдеріне ішкері ене бастаған соң-ақ ер төбенің, әр қыраттың астында бір-бірден Әулие бабалар бейіті ұшырасады. Көк қошқар, Ер қоян ата, Қызыл ата, Уйрек ата, Көктас әулие (көк бұлақ) болып жалғаса береді, жалғаса береді.

Асыға күткен Уқаша атаға да жетесіз. Пайғамбарымыз Мұхаммет (с.а.у) жауырынындағы Алланың мөрін көрген әлемдегі жалғыз Сахаба жөнінде аңыз да ефсана да жетерлік. Құдығына салған шелек біреуге толы, біреуге орта, енді біреуге ырымағам ташы ілінбей шығады. Мұндайда көңіл күйдің қырық құбылатыны айтпаса да бесенеден белгілі. Ат арытып, қия беткейлерден

әуірмедеп өтіп Жылаған Атаға да жетесіз. Бұл дүниенің жұмағы іспеттес тау аңғары өсімдіктің бай түріне, долана, жабайы алма, жидеге тұнып тұрғаны. Темір астау, Салде тау, Ақсерке тау жолда қалып, Қара шора, Ата шора сарқырамалары өзгеше кейіпте ыңдындыды құртады. Табиғаттың тылсым күші еріксіз көз жаңарыңды арбайды. Сондықтан болар жаз шыға алыс-жақын шетелдерден келетін туристер саны молай түседі. Ал енді қаланың онтустігін бетке алған жан Иқрам мешіті, Қауған ата кесенесі мен Қауған төбе қаласының орнын тамашалай алады.

Қызылорда бағыты да тарихи дереккөздерге тұнып тұр. Көбірек зерттелген Сидак ата, Қаратөбе қалашықтарының мол қазба байлықтары «Әзірет Сұлтан» музейінің қорында сақтаулы.

Осы жерде Қамал қорғанының орны жермен-жерексен болып қирамай, бүгінгі таңға аман жеткен республикадағы жалғыз қала – Сауранға арнайы тоқталғанды жөн санадық. Өткен ғасырларда Сауран мен Сығанақтың хан ордасы болғандығы тарихтан белгілі. Сауран мәдениеті, өркендеген мешіті мен мелресесі, базары мен шайханалары бар Жібек Жолындағы саналуы қаланың бірі болған деседі жиканкөздер. Қатар өрілген тербелмелі қос мұнараның XIX ғасырдың II жартысына дейін тұрғандығын А.Қун де айтағанды. Тіпті әлемнің сегізінші кереметіне байлағандар да табылыпты. Оның мәнісі мынада: Мұнараның бірінше шығып азан шақырса, екінші тербеліп жұрттың танданысын туғызып, Сарай ата, Қарахан ата, Сәдуақас сахаба, Жалаулы ата, Әздер әулие, Гүрзіхан ата, Шаш аналардың бейіттері де осы атырапта жатыр.

**– Сіз шамшығала эволюцияға беріліп кеттіңіз ғой деймін. Сұхбатымызды түйіндеме бұрын былығы жылғы атқарылып істерге біршама шолу жасасақ.**

– Ақыры кіріскесін кеңінен қарығағана не жетсін. Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасында «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық мұражайының ұйымдастыруымен «Ясауи мұрасы мәңгілік мұра» көрмесі, «Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорық-музейінде тұңғыш рет «Ұлытауды ұлықтаған Түркістан» көрмесі, «Әзірет Сұлтан» Төле би ауданындағы көшпелі көрмелерінде жәдігерлерімізді кеңінен насихаттасақ, әріптестік келісімге орай «Ғасырлардан сыр шерткен Атырау» көрмесі, Абайдың «Жидебай-Берліл» тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейінің ұйымдастыруымен «Ұлы Дала елінің ұлы ақыны» тақырыбындағы, Торғайлықтардың «Дала өлкесі» облыстық өлкетану музейінің «Торғайдың Өзбекәлісі» көрмелері «Әзірет Сұлтан» қорық-мұражайына келушілерге кеңінен таныстырылды. Сондай-ақ, «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінде «Абыздан жеткен асыл сый» акциясы басталуына орай баспасөз конференциясы, «Мәдени мұра – алтын тамыр, асыл бағдар», «Қазіргі таңдағы музей ісінің өзекті мәселелері», «Сыбайлас жемқорлық-ауыздықтар дерт», «Діни экстремизм мен терроризмге қарсы күрес», «Ұмыт қалған әуліелер» атты тақырыптарда дөңгелек үстелдер өткізілді.

Осы жерде айрықша тоқталар жайт – «Абыздан жеткен асыл сый» тақырыбын Шәкәрімнің тұтынып жатқанын тұңғыш рет біздің музей төрінен орын тебуі болды. Кесененің асхана, құдықхана, ақсарай бөлмелері Қылуат пен «Түркістан тарихы» музейлеріне тұрақты экспозициялар жасалды. Жергілікті Түркістан газетінде «Әзірет Сұлтан» қосымшасы тұрақты түрде жарық көрді.

Кесенеді жерленген тұлғалар жайлы, Ахмет Ясауи шығармашылығын насихаттау мақсатында қыркүйек айында мектеп оқушылары арасында «Ясауитану» республикалық білім байқауы болып өтті. Биылғы байқаудың ерекшелігі, байқау тек республикалық көлемде емес сонымен қоса халықаралық форматта ұйымдастырылды.

Енді бүгін «Қожа Ахмет Ясауи мұрасы мен ілімінің зерттелу мәселелері» атты V халықаралық ғылыми-практикалық конференция өз ісін бастап кетті. Өріне, жыл бойында өткізілген 67 іс-шараның бәрін тоқталып жатпауға мүмкіндік азда. Мемлекеттік ұлттық мерекелер іс-шаралары, танымдық шолулар, кітап-фото көрмелері, кештер, семинарлар, қайырымдылық акциялары көптеген келушілерді қызықтырғаны сөзсіз.

XI ғасыр білім мен біліктіліктің, тың ізденістің, экономикалық тығыздан алашып шығар соны жолдың сағыр турғыз салысында да, музей ісінде де солай.

Елге келген қонақтар мен туристерге бағзыдан жеткен жәдігерлерімізді танып-білуге барлық жағдайды жасай білесек, өткенімізге байытты көзқарасын қарап қана қоймай, ел туризмің дамытып, бюджет қоржынын қампайтуға үлес қосқанмыз. Бұл – біздің бабалар алдындағы аманат парызымыз баа емес, Отанымызға берешек қарызымыз болмақ.

**– Сұхбатыңызға рахмет. Еңбектеріңізге шығармашылық сәттілік тілеймін.**

– Рахмет.






Әбіш Кекілбайұлы (6 желтоқсан 1939 жыл, Оңды ауылы, Маңғыстау облысы – 11 желтоқсан 2015 жыл, Астана қаласы) – Қазақстанның халық жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері. Қазақстан Республикасының алғашқы Мемлекеттік хатшысы (1996-2002), Парламент Сенатының депутаты (2002-2015).

Қаламгердің көркем әдебиетке құмарлығы мектеп қабырғасында ақ басталған. 1957 жылдың 5

# Көзге ыстық қолтаңба



мамырында «Лениншіл Жастың» белсенді ауылдық тілшісі ретінде Қазақстан Комсомолы Орталық Комитетінің мақтау қағазымен марапатталады. 1957 жылы Қазақ

Мемлекеттік университетінің филология факультетіне түседі. Университетте әдебиет бірлестігін басқарып, қаламының желі бар талапкер шоғырын жарыққа шығарады. Университет қабырғасының соңғы курсында оқып жүріп, «Қазақ

әдебиеті» газетінде қызмет атқарады. Мұнда ол сыншылық қабілетімен көзге ілігеді. «Қазақ әдебиетінен» кейін 1962-1965 жылдар аралығында «Лениншіл Жас» газетінде бөлім меңгерушісі болып істеді. Ол Қазақстанның халық жазушысы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның Еңбек Ері (2009) көрнекті мемлекеттік қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі (2009), Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің, Л.Н.Гумилев атындағы ұлттық университетінің, Ақтау, Атырау, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Жезқазған университетінің және ҚР Олжас атындағы Ғылымдар академиясының құрметті профессоры, АҚШ-тың Кентуки штатының құрметті полковнигі, Маңғыстау, Атырау облыстарының, сондай-ақ республикамыздың бірқатар аудандырының құрметті азаматы. 2015 жылдың 11 желтоқсанында дүниеден өтті. Мүрдесі ұлттық пантеонға жерленді.

## Музейдің туған күні!

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы 1978 жылғы 30 қыркүйекте «Республикалық Қожа Ахмет Ясауи кесенесі сәулет ғимараты музейі» болып ашылған. 1989 жылы тамыздың 28 күні Қазақ ССР министрлер кеңесінің №256 қаулысымен «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі» болып және ҚР Үкіметінің 24.07.2015 жылғы ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің республикалық мемлекеттік мекемелерін қайта ұйымдастыру туралы №585 қаулысымен «Әзірет Сұлтан мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы» РМҚК болып қайта құрылды.

Қорық-мұражай құрамында бүгінгі таңда 207 тарихи-мәдени ескерткіш бар. Олар: 1 – халықаралық, 16 – республикалық, 14 – жергілікті маңызға ие. Халықаралық дәрежедегі Қожа Ахмет Ясауи кесенесі ортағасырлық теңдессіз сәулет туындысы ретінде 2003 жылы ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне алынған. Әлемдік маңызға ие болған ескерткіштің ұлттық пантеон ретіндегі алар орны да айрықша. Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне 300-ден аса тарихи тұлғалар жерленген болса, қорық-мұражай мамандарының зерттеулері нәтижесінде сол тұлғалардың бүгінгі таңда 182-і анықталды.

Қорық-мұражайының қорында 23726 дана құнды тарихи жәдігерлер қордаланған.

Бүгінгі айтулы күнге орай «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайында салтанатты жиын болып өтті. Салтанатты жиында сөз алған мұражай директоры Ж.Әубәкір музейдің ел тәуелсіздігін нығайту бағытындағы атқарып жатқан жұмыстарына, мәдениет саласындағы ерекшеліктеріне тоқтала келе, ұжымға ынтымақ пен табыс, әрбір отбасыға бақ-береке тіледі.

Сонымен қатар, тарихи ескерткіштерді қорғау және археология бөлімінің меңгерушісі М.Тұяқбаев ұжым мүшелерін бүгінгі төл мерекелерімен құттықтап, мұражайдың құрылу тарихын қысқаша баяндады. Мұражай саласында еңбектері күннен қызметкерлер, ұжым мүшелері де өздерінің ыстық-ықылас, тілектерімен бөлісті.

Мұражайымыздың құрылған күні құтты болсын, Ағайын!!!

# Ұмытыла бастаған асханалық жиһаздар

Нұржамал ӘШІРБЕКОВА, бас қор сақтаушы

Мұражай қорында сақталған, қазіргі кезде қолданыстан шыққан, ұмытыла бастаған жәдігерлердің бірі аяққап, кесекап түрлері. Аяққап – көшпелі елдің тұрмыс талаптарына икемделген, киізден шашақтап, әшекейленген асханалық ыдыс-аяқ сақтауға арналған үй мүлкі. Аяққаптың тері мен былғарыдан, ағаштан жасалған түрлерін «кесекап» деп атайды және ол көбінесе цилиндр пішінді болады.

Аяққапты көбінесе киізден немесе алаша қиығынан жасап, ішін матамен астарлайды, сыртын оюмен, кестемен әшекейлейді. Кереге басына іліп қою үшін екі бүйіріне ызыбал немесе өрмелі бау тағылады. Аяққаптың ернеуін жауып тұратын ілгекті қақпағы болады. Қақпақтың беті шұға, барқыт тәрізді матамен өрнектеліп, жиегі түрлі шашақпен әшекейленеді. Аяқ қап түйеге теңделген немесе арбаға тиелген жүктің үстіндегі шапыраққа байланады.

Қазаққа тән киіз үйдің ішкі жасауын орналастыру тәртібі ұрпақтан-ұрпаққа алмасып келгендіктен біркелкі реттелгені мәлім. Қалыптасқан тәртіп бойынша, киіз үйге кіреберістегі сол жақ босағада ер-тұрман, күбебілікке қажет саймандар ілінетін. Одан әрегірек киім ілетін адалбақан, төрде жүкаяқ, кебеже, қаршындардың үстіне екі-үш қатар етіп көрпе-төсек жиналса, оң жақ қанаты қантшай, ұсақ-түйек дәм сақталатын кебеже, ыдыс-аяқ қоятын асадал, қымыз ашытатын

саба, орны өрешеге, қазан-аяқ жаққа таяу, керегеге ілінетін аяққап, кесекаптар оң жақ босағаға орналастырылған.

Аяққап сөзінің шығу тегіне келетін болсақ, «аяққап» атауы «аяқ» және «қап» сөздерінің бірігуінен «аяққап» болып қалыптасқаны сөз тегінен көрініп тұр. «Аяқ» ағаштан ойып жасалынып, сұйық сусын ішуге арналған көлемі шағын, кеседен үлкен шұңғыл, дөңгелек ыдыс. Сыйымдылығы бір литрдей, оны пішіні мен өңделуіне қарай «саптааяқ», «сырлы аяқ», қолдануына қарай «кесе-аяқ», «қымыз-аяқ» деп атай береді. «Қап» ыдыс-аяқ салатын дорба.

Мұражай қорында да әр түрлі тәсілдермен жасалған аяққап, кесекап түрлері бар. Солардың бірі, Акт №44, 01.09.2003, инв №1067, КК №2357, Аяққап. Материалы жүн, өлшемі: шашағымен қоса есептегенде 66х56 см. Аяққаптың алдыңғы беті түкті кілем, астыңғы беті тықыр кілем тоқу әдісімен тоқылған. Екі шетіне ілмек жасалып, бет жағының жоғары жағына және үш жақ жиегіне жүннен иірілген жіптен торланып шашақталған жиектемесі тігілген. Тор мен шашақтың арасы ақ, қызыл түсті жібек жіптерімен орнатылып бөлінген. Аяққаптың ортасына әшекейлі композиция арасына салынатын «ромб» тәрізді геометриялық өрнектер түсіп оны айналдыра «тікмүйіз», «балға таңба», «балға таңба» деп аталатын ру таңбаларынан пайдаланған «балға өрнегі», «сынар мүйіз» өрнектері салынып өрнектелген.

Келесі бір аяққаптың өзгешелеу түрі ожау, қасық салуға арналған тіктөртбұрыш пішінді аяққап. Акт №52, 18.11.2003, инв №1071, КК №2404, материалы жүн,

өлшемі: шашағымен қоса есептегенде 33х15 см. Аяққап – жартысы түкті, жартысы тықыр болып тоқылған, екі бүктемелі түкті жағы бетіне қаратылып, бір жағының түбі тігілген. Үш жақ жиегіне өзіне пайдаланылған жіптен ширатылып

түрлі-түсті есілген жіпті жиегіне жапсырып тігіп шыққан тәрізді етіп өрнектелген.

Ендігі бір ерекше «кесекап» түрі ағаштан жасалған. Акт №3, 06.08.1980, инв №122, КК №234, материалы ағаш, өлшемі: 24х16. Кесекап бүтін ағаштан ойылып

түбі бөлек салынған, цилиндр пішінді, қақпақсыз, жоғарғы жағына қайыстан шегемен қағылған бау тағылған.

Кесекап бедерлі оюлармен ойылылған, түрлі-түсті бояулармен нақышталған. Кесекаптың жоғарғы жағына «ромб»



пішінді етіп ойылып өрнек түскен де ортасы бөлініп «сумен» ажыратылып төменгі жағына «табан» оюы жоғары төмен қарама-қарсы қаратыла түскен. «Табан» оюының ішке қарай иілген жері «қошқар мүйіз» оюы пішінді болып біткен. Кесекапқа қызыл, көгілдір, сарғыш түсті бояулармен қатар өсімдіктердің тамырынан алынған табиғи бояуларда пайдаланылған.



Қазақ шеберлерінің қолынан шыққан, «теркеш», «кесекап», «шынықап» деп аталатын мүліктің тарихы өте қызық. Кесекаптың пайда болуы XVIII ғасырда қазақ арасына Қытайдың фарфор ыдыстары кеңнен тарай бастаған мезгілге сәйкес келеді деп болжамдайды кей ғалымдар. Ол кездерде Қытайдың фарфор, фаянс ыдыстары өте қымбат бағаланатын, әрі кез келгеннің қолына түсе бермейтін. Сондықтан осындай зәру бұйымды сындырып алмау үшін қазақтар мен Орта Азия шеберлері ағаштан, шиден, тобылғыдан иіп, жүннен тоқып, теріден көннен кесекаптар жасап, фарфор ыдыстарды солардың ішінде сақтап, тасымалдайтын болған.

Кіндік Азия халықтары арасына кең тараған ол ыдыстарды қазақтар мен өзбектер «теркеш», түрікмендер «серкеш», қарақалпақтар «шынықап», қырғыздар «пиалақап», деп атаған. Кейінірек қазақтар «қалмақбас» деп те атаған. Өйткені, кесекап теріден тігіліп, арнаулы қалыптан шыққан соң, жарты шар тәрізді доп-домалақ күйге енеді. Төбесіндегі қарқарасы (қайыс шашағы) шашын тықырлап қырып, төбесіне айдар қалдырып қойған басқа ұқсайды.

Аяққаптардың сонымен қатар теріден, киізден, қайыңның тозынан (қабығы) жасалатын цилиндр тәрізді, қапқақты түрлері де болады. Бір-біріне кігізіп, оншақты кесе салып қоюға болатыны да бар. Кешіп-қонып жүргенде ыдыс-аяқ қырап қалмас үшін халық шеберлерінің қиялынан туған осынау ғажайып өнер туындысы – «аяққап» пен «кесекаптың» көркемдік сапасы өте жоғары болған.


## Торғайдың Өзағасы

2016 жылдың 27 қыркүйегінде «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінде Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығы мен мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым-этнограф Ө.Жәнібековтың 85 жылдығына орай, Арқалық қаласындағы Дала өлкесі тарихи облыстық мұражайының «Торғайдың Өзағасы» атты көрмесінің тұсаукесері болып өтті.

Ашылу салтанатында алғашқы болып сөз алған «Әзірет Сұлтан» қорық-музейінің директоры Ж.Әубәкір атаулы көрменің маңыздылығын айта келе, мұражайдың ашылуына сәбелі үлес қосқан қоғам қайраткерінің жанқиярлық еңбектеріне ерекше тоқталып, Арқадан рухани керуенді бастап келген «Дала өлкесі тарихы» облыстық мұражайының директоры Гүлбану Елтебаеваны алғыс хатпен марапаттап, мекеме атынан сый-сияпаттар табыс етті. Қала әкімінің кеңесшісі Жанболат Ибрагимов қонақтарға риясыз алғысын білдіріп, қала әкімінің алғыс хатын табыс етті. Сөз кезегін алған Гүлбану Төкенқызы: «Арқа мен Түркістан арасындағы рухани сабақтастық бұдан ары қарай да өз жалғасын табатындығына тоқталып, бүгінгі шара соның бастамасы» – екендігін атап өтті. Көрме экспозициясына 80-нен астам арда тұлғаның қол табы қалған жәдігерлері қойылды. Аңызға бергісіз көркем әшекейленген сәукеле, саптағай, ас табақ сынды жәдігерлер көпшілік назарына ұсынылды.



## ФОТОЭТЮД



**Жыр арқауы – Ясауи**

Хақ расулы Мұхаммед  
Абзалы артық нұр өткен.  
Артынан келіп төрт имам  
Шариғат жолын күзеткен.  
Пәруар Пәрдін басшысы  
Қожа Ахмет Ясауи  
Түркістанда бұ да өткен,  
Туына жұртын түнеткен.  
Зікірін айтып зарланып  
Пікірін бізге мұра еткен.  
Солардан мирас болыған,  
Шариғат шамы жағылған.  
Тарихат жолы табылған,  
Хақиқатқа бағынған  
Әр орында мешіт бар  
Құдай үшін салынған.

Бірден – бірге қалынған.  
Қожа Ахмет, Пір Бекет –  
Солардан үлгі алынған  
Алла» деп нәпсің тыйғандар,  
Бұрынғы шайхы, имамдар,  
Жүргізген екен жұртына  
Шариғаттың хукімін,  
Ұстаған діниін бүтінін.  
Тарихаттың жолыннан  
Аудармай көңіл-пікірін,  
Қоймаған дәйім зікірін.  
Құдайдың сүйен құлдары  
Дидарына Жардың жолығып,  
Тамұқтың көрмейт түтінін.

**Сәттігүл ЖАНҒАБЫЛҰЛЫ**

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ**

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы

**Бас редактор**  
**Әбдікерім МАНАПОВ**

Жауапты хатшы  
**Дәулет ҚОЖАМҰРАТОВ**

Беттеуші-дизайнер  
**Самат КЕРИМОВ**

Редакцияның мекенжайы:  
Түркістан қаласы,  
Тәуке хан даңғылы,  
282 «А» үйі

**Байланыс:** 8 (72533) 3-23-00

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігінде 2016 жылғы 21 қыркүйекте тіркеліп, №16154-Г күнелігі берілген

Газет айына 1 рет шығады

**Индекс 161200**

■ Газетке жарияланған материалдарды көшіріп басқан жағдайда сілтеме жасалу міндетті.

■ Автордың мақаласы мен жарнама мазмұнына редакция жауап бермейді.

■ Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

**ТАРАЛЫМЫ – 2000 ДАНА**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

«ERNUR-print» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Т.Өлімқұлов көшесі, 22 үй.

Кезекші редактор  
**Дәулет ҚОЖАМҰРАТОВ**

Тапсырыс №1